



CENTER FOR  
ANALYTICAL  
RESEARCH &  
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ  
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ  
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференцияның  
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-  
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ  
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И  
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific  
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF  
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL  
SECURITY»**

**АСТАНА 2023**

**УДК 657(069)**  
**ББК 65.052.21**  
**С 23**

**С** Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

**ISBN 978-601-337-851-0**

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

**ISBN 978-601-337-851-0**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023

3 Гнездилов И.С. Государственный финансовый контроль в условиях цифровизации экономики // Проблемы и перспективы развития России: Молодежный взгляд в будущее 17-18 октября 2018 года. Том 1. -С. 60-64.

4 Шкарин Д.М. Финансовый контроль в условиях цифровизации экономики // Электронный научный журнал «Вектор экономики». - 2019. -№6.-С.11-16.

## **НИДЕРЛАНДЫ ЕЛІНІҢ АУДИТТІК РЕТТЕУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫН ҚАЗАҚСТАН ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ**

*Сламбек С.Д.*

студент 2-курса, Евразийского Национального Университета им.Л.Н.Гумилева,  
г.Астана, Республики Казахстан  
E-mail: [slambeksabina2004@gmail.com](mailto:slambeksabina2004@gmail.com)

Научный руководитель - *Бейсенова Л.З.*  
ассоциированный профессор, к. э. н. НАО "Евразийский Национальный  
Университет имени Л.Н.Гумилева"

**Аннотация.** Страна Нидерланды признана одной из стран, подготовивших и издавших международные стандарты по аудиторскому регулированию и контролю за данной деятельностью. Меры аудиторского регулирования в стране Нидерландов контролируются государством в соответствии со специальным законодательством и нормативами. В Нидерландах назначенный аудитор должен подчиняться наблюдательному совету и правлению. Компетентный орган должен сначала ознакомиться с аудиторским заключением, а затем утвердить или определить финансовую отчетность. Если проведение аудита не требуется, стороны могут сделать это добровольно. Именно здесь, очевидно, не лишним будет закрепить в законодательстве и применить на практике данный конкретный пункт по аудиторскому регулированию и проверочным мерам в Казахстане. Кроме указанных мер, мы получили возможность полностью раскрыть в нашей статье важные аспекты по мерам аудиторского регулирования.

**Ключевые слова.** Нидерланды, аудит, аудиторское регулирование и контроль, международные стандарты, Казахстан, законодательство, аудитор, государство, компания.

**Аннотация.** Нидерланды елі аудиттік реттеу және осы қызметті бақылауда ұстау бойынша халықаралық стандарттарды дайындап шығарған елдердің бірі

ретінде танылған. Нидерланды еліндегі аудиттік реттеу шараларын мемлекет арнайы заңнамалар мен нормативтер бойынша бақылауда ұстайды. Нидерландыда тағайындалған аудитор бақылау кеңесі мен басқармаға есеп беруі керек. Құзыретті орган алдымен аудиторлық қорытындымен танысып, содан кейін қаржылық есептілікті бекітуі немесе анықтауы керек. Егер аудит жүргізу қажет болмаса, тараптар мұны өз еркімен жасай алады. Дәл осы тұста, Қазақстанның да аудиттік реттеу және тексеру шаралары бойынша нақты осы пункті заңнамада бекіту және оны тәжірибеде қолдану артық болмайтындығы анық. Аталған шаралардан бөлек, аудиттік реттеу шараларын бойынша маңызды аспектілерді мақаламызда толығымен ашуға мүмкіндік алдық.

**Кілт сөздер.** Нидерланды, аудит, аудиттік реттеу және бақылау, халықаралық стандарттар, Қазақстан, заңнамалар, аудитор, мемлекет, компания.

**Annotation.** The Netherlands is recognized as one of the countries that have prepared and published international standards on audit regulation and control of this activity. Audit regulation measures in the Netherlands are controlled by the State in accordance with special legislation and regulations. In the Netherlands, the appointed auditor must report to the supervisory board and the Management board. The competent authority must first review the auditor's report and then approve or define the financial statements. If an audit is not required, the parties may do so voluntarily. It is here, obviously, that it would not be superfluous to consolidate in legislation and put into practice this particular point on audit regulation and verification measures in Kazakhstan. In addition to these measures, we were able to fully disclose in our article important aspects of audit regulation measures.

**Keywords.** Netherlands, audit, audit regulation and control, international standards, Kazakhstan, legislation, auditor, state, company.

Қазіргі таңда көптеген уақыттан бері жинақталған әлемдік тәжірибе тұрғысынан қарастырғанда, стандарттау және жаһандандыру процесстеріндегі жаңа өзгерістер орын алуда. Осы тұста, өзінің маңыздылығын одан әрі арттыра түскен салалардың бірі ретінде көптеген елдердің есеп және аудиттік стандарттарын айтуға болады. Аудит саласы бойынша халықаралық стандарттардың негізін салған елдердің бірі Нидерланды болды. Дәл қазіргі уақытта Нидерландыда бухгалтерлік есептеудің үш сатылы жүйесі, ал аудиттік реттеудің төрт сатылы жүйесі бар. Нидерланды елінде бірінші сатылы аудиттік реттеу заңнамалық актілер негізінде жүзеге асады. Бұл елде бірінші саты бойынша «Аудит туралы заң», «Аудиторлық фирмалар туралы жарлық» міндетті болып саналады. Нидерланды елінде халықаралық аудиттің арнайы тәжірибесі (практикасы) бойынша екінші саты анықталады. Аудиттік реттеудің толық тексеруден өткізілуіне қажетті әдістемелік құралдардың жиынтығы үшінші

сатыны анықтайды. Аудиттік реттеудің төртінші сатысы аудиттің барлық ішкі стандарттары. Нидерланды елінде аудит моделінің үлкен ерекшелігі оның өзін-өзі реттеу жағдайымен байланысты. Аудит моделінің схемалық үлгісі төмендегі кестеде ұсынылады (1-кесте).

Мемлекет	Аудиторлардың өзін-өзі реттейтін жиынтық бірлестіктері			
Аудиторлық өзін – өзі реттеу процессіне бақылау жасау	Заңнамалық актілердің орындалуы және әзірлену процессін бақылау	Аудиторлық қызметтің стандарттарын әзірлеу шарттары және оны бақылау	Аудиторларды және аудиторлық ұйымдарды аттестациялар	Этикалық нормаларды сақтау және аудит қызмет сапасын бақылау
Заңнамалық және нормативтік актілерді қабылдау				
Аудиттелетін тұлғалар	Аудиторлар			
		Ақпаратты пайдаланушы тұлғалар		

1-кесте. Нидерландыда өзін-өзі реттейтін аудит моделінің схемасы

Еліміздегі аудиттік реттеу моделінің халықаралық стандарттарға жету шарттарын қарастыру кезінде Нидерланды елінің тәжірибесін толығымен қарастыруға болады. Сондықтан жоғарыда кестеде ұсынылған Нидерландыда өзін-өзі реттейтін аудит моделінің артықшылықтары мен тиімділікке жету ерекшеліктерін атап көрсетеміз. Біріншіден, аудиторлық реттеу қызметіне мемлекет толыққанды араласады. Яғни, осы салада туындаған үлкен сұрақтар мен даулы мәселелердің уақытылы әрі нәтижелі шешілуіне әсер етеді. Бұл елде көптеген аудиторлық бірлестіктердің болуы, осы бірлестіктердің кем дегенде біреуінің басты мүшелік міндеті қызметін атқаруымен сипатталады. Үшіншіден, кәсіби бірлестіктердің құзыретіне аудиторлардың кәсіби стандарттар мен этикалық нормаларды сақтауын әзірлеу, қабылдау, бақылау, өз мүшелеріне қатысты аудиторлық қызметті аттестаттау және лицензиялау, аудит жөніндегі заңнаманың сақталуын бақылау және оны бұзғаны үшін жауапкершілік шарасын айқындау кіреді [1]. Нидерланды елінде аудиттің өзін – өзі реттеу функциясы жұмыс жасау кезінде мемлекет нарыққа қатысушы аудиторлардың құқықтарын бекіте отырып, мемлекеттік қадағалаудың назарын қызметтің өзін қадағалаудың орнына қызметтің нәтижесін қадағалауға ауыстыруға мүмкіндік береді. Нидерланды елінде халықаралық аудит стандарттары жасалады деуге

толыққанды негіз бар. Себебі, дәл осы елде аудит стандарттарын қолдану басқа елдерге қарағанда өте кең көлемді болып табылады.

Жеке кәсіпкерлік түрлері, үлкен серіктес компаниялар мен арнайы корпорациялар үшін аудиттік стандарттардың нормативтік – құқықтық базасы болып Нидерланды елінде бекітіле бастады. Осы сектор бойынша құрылымның басты элементтері болып қаржылық есептіліктің нақты ережелері мен заңнамалары, сондай-ақ, аудитті бекіту және жариялау ерекшеліктері танылады. Мәселен, Қазақстан елі үшін арнайы корпорацияларға ұзақ мерзімді және салыстырмалы түрде қарапайым жұмыс базасын ұсынуға болады. Нидерланды елінде консалтинг, аудит және оны жариялау талаптары ұйымның көлеміне байланысты анықталады. Нидерланды елінде компанияның да үш типі емес төрт типі қалыптасқан. Үлкен, орта, кіші және микро ұйымдардағы аудиттік есеп беру бойынша арнайы өлшем бірліктерін нақты бекіткен. Олар:

- ұйымдағы қызметкерлер саны;
- баланстағы активтің құны;
- таза айналым [2].

Келесі кестеде жіктеу үшін қолданылатын параметрлер берілген (2-кесте). Сондай-ақ, активтердің құнын, персоналды және шоғырландыруға құқығы бар компаниялар тобы мен еншілес компаниялардың таза айналымын қосу керек. Үлкен немесе орта санатты біліктілігі бар компаниялар екі жыл қатарынан 3 критерийдің кем дегенде 2-ін көруі керек.

Критерий	Үлкен	Орта	Кіші	Микро
Айналым	20 млн евро	6 - 20 М евро	350 К - 6М евро	350 мың евро
Активтер	40 млн евро	12 - 40М Евро	700К-12М Евро	700 тыс. Евро
Қызметкерлер	250	50 – 250	10 – 50	10

2-кесте. Ұйымдардағы аудиттік есеп беру бойынша жіктеу параметрлері

Компания қатарынан екі есеп беру күні ішінде үш критерийдің кем дегенде екеуіне сәйкес келсе, белгілі бір санатқа жатады. Жаңа компанияны тіркеу кезінде 2 жылдық мерзімге қатысты талап қолданылмайды. Тиісінше, компанияның шағын немесе жоқ екендігі бірінші қаржы жылындағы қаржылық есептілік негізінде белгіленеді. Оның нәтижелері алғашқы екі қаржы жылына қолданылады. Нидерландыдағы аудитке қойылатын негізгі талаптарды міндетті түрде атап өту қажетті. Нидерланды заңнамасы - ірі және орта кәсіпорындардан білікті, тіркелген және тәуелсіз жергілікті аудиторлар тексеретін жылдық есептер шығаруды талап етеді. Аудиторларды акционерлер, жалпы жиналыс мүшелері немесе балама ретінде атқарушы немесе Бақылау кеңесі

тағайындайды. Негізінде аудиторлық есептер түсіндірме келесідей тармақтарды қамтуы керек:

- Есеп беру Нидерландыдағы жалпы қабылданған бухгалтерлік есеп принциптеріне сәйкес ақпаратты қамтуы қажет және компанияның жылдық кірісі мен қаржылық жағдайын дәл келуі міндетті. Ол арқылы компанияның өтімділігі мен төлем қабілеттілігін бағалауға болады;
- Басқарманың есебі белгіленген талаптарға сәйкес келеді;
- Қосымша ақпарат та қол жетімді [3].

Нидерландыда тағайындалған аудитор бақылау кеңесі мен басқармаға есеп беруі керек. Құзыретті орган алдымен аудиторлық қорытындымен танысып, содан кейін қаржылық есептілікті бекітуі немесе анықтауы керек. Егер аудит жүргізу қажет болмаса, тараптар мұны өз еркімен жасай алады. Дәл осы тұста, Қазақстанның да аудиттік реттеу және тексеру шаралары бойынша нақты осы пунктті заңнамада бекіту және оны тәжірибеде қолдану артық болмайтындығы анық.

Қаржылық есептілік аудитін голландиялық бухгалтерлік фирманың тәуелсіз, білікті, тіркелген аудиторы жүргізуі керек. Аудиторды компания акционерлерінің жалпы жиналысы немесе Атқарушы директор немесе Бақылау кеңесі тағайындайды. Аудиторлық фирма аудиторлық фирмалардың мемлекеттік тізілімінде тіркелуі керек және аудиторлық фирмаларды қадағалау туралы Заңға сәйкес тиісті лицензияға ие болуы керек (Wet toezicht accountantsorganisaties, WTA лицензиясы). Лицензияны Нидерланды қаржы нарықтары басқармасынан сұрауға болады (Autoriteit Financiële Markten, AFM) [4].

Бизнес түріне байланысты әртүрлі WTA лицензиялары бар. Микро және шағын бизнес түрлері өздерінің қаржылық есептілігінде голландиялық гар пайдаланса, аудиттен босатылады. Егер аудит қағидаларынан ерекшеліктер қолданылмаса, орта және ірі компаниялардың қаржылық есептілігі аудиттен өтуі тиіс. Егер компаниялар ХҚЕС стандарттарын қолданса, онда есепті күні қаржылық есептілік көрсеткіштеріне қарамастан, компаниялар аудит мақсаттары үшін ірі болып саналады және аудит жүргізуге міндетті. Аталған жағдайларды Қазақстан тәжірибесінде орындалуы аудит саласындағы жоғары деңгейдің орнауына алып келеді [5].

Нидерландыда ХАС (халықаралық аудит стандарттары) қолданылады. Нидерландыда бухгалтерлік есеп стандарттарын қолдану нұсқалары басқа елдерге қарағанда кеңірек. Сонымен, голландиялық компаниялар келесі есепке алу нұсқаларын өздері таңдай алады:

- ХҚЕС;
- голландиялық GAAP;

- ХҚЕС пен голландиялық GAAP үйлесімі.

Мемлекетте жылдық есептілікке бухгалтерлік есептер, директорлар есебі және басқа ақпарат кіреді. Бухгалтерлік есептер баланстан, кірістер мен шығыстар туралы есептен, түсіндірме жазбадан және нормативтік ережелерде белгіленген басқа ақпараттан тұрады. Голландиялық бухгалтерлік есеп принциптері халықаралық қаржылық есептілік стандарттарынан (ХҚЕС) ерекшеленеді, бірақ олар үнемі үйлесімді бола бермейді. 2005 жылдан бастап Еуропалық Одақта тізімделген барлық компаниялар ХҚЕС-ті ұстануға міндетті. Бұл ереже голландиялық сақтандыру компаниялары мен қаржы институттарына да қатысты. Жеке жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, тіркелмеген мемлекеттік жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер және басқа да жергілікті шаруашылық жүргізуші субъектілер ХҚЕС-ті қадағалай ала ма деген мәселе әлі де талқылануда. Сондықтан біздің еліміздің қаржылық, бухгалтерлік, сондай-ақ, аудиттік реттеу мен оны бақылау жүйесіндегі бірізділікті қалыптастыруға халықаралық тәжірибені орнатудың маңыздылығы зор. Осы саладағы барлық кемшіліктерді жоя отырып, жаңа жүйені әзірлеуде еліміз әлі де болса нақты нәтижеге қол жеткізбеді. Қорытындылай келе, Нидерланды елінің қаржылық есептілік, аудиттік реттеу, консалтингтік жүйенің мықты буынында жүйені жасап шығару үшін елімізде көптеген арнайы тәжірибелерді жүргізу қажет. Ел аумағында аудит саласына қатысты нақты ережелер мен стандарттардың орнауы, заң бұзушылық әрекеттердің азайып, ұйымдар мен корпорациялардың елдің экономикасына әсер ету деңгейінің жаңа сатысының орнауын көрсетуі қажетті деп саналады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Нидерланды: учет и аудиторская практика. 2018г. Marinochka Пьетцкая. Нидерланды, Научная статья.
2. Требования к аудиту в Голландии. Copyright 2022 Intercompany Solutions. 3011AA Роттердам, Нидерланды
3. Аудит нидерландской компании. Финансовая отчетность, бухгалтерский учет, консалтинг для фирмы в Нидерландах подробнее на сайте <https://gsl.org/ru/audit-foreign/audit-niderlandskoy-kompanii/>
4. Нидерланды в лабиринте европейской интеграции. Осколков Пётр Викторович, 2019г.
5. Актуальные проблемы внутреннего аудита в Казахстане. Текст научной статьи по специальности «Экономика и бизнес». Тлеубаева С.А. 2021г.